



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.Алина

Педагогикалық кеңесте қаралды

Хаттама № 1

«31» тамыз, 2022 жыл

**Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылына жасалған
тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуы басымдығы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, оқытудың тәрбиенің және дамытудың бірлігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» құндылығын жалпыұлттық патриоттық идеясы ретінде ұсынды. Оның құрылымдық құрамдастары ретінде тәуелсіздік, ұлттық тұтастық, тұрақтылық, толеранттылық, қоғамдық келісім, егемендік, теңдік анықталды.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануы тиіс. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізілуі тиіс, оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Осыдан шығатын нәтиже: мектебімізде білім алушы жас жеткіншекке кешенді бағдарлама жас және жеке қабілеттерінің ерекшеліктеріне сәйкес жасалуда. Білім алушыларды тәрбиелеу мақсатында тәрбиенің басым бағыттарымен жұмыс жүргізіледі. 2022-2023 жылы тәрбие жұмыстары нәтижелі болу үшін тәрбиенің 8 бағытымен қоса, қосымша бағдарламаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Жылдық жоспарға тәрбие көзі болатын барлық нысандар тартылды. Қазіргі таңдағы басты міндеттер мен мақсаттар, сонымен қоса діни экстремизмнің алдын алу, жастар арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу жұмыстары, сыбайлыс жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер, нашақорлық пен маскүнемдікке қарсы жұмыстар сияқты өзекті мәселелерді шешуге арналғын іс-шаралар алынып отыр.

Бүгінгі күні үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие мәселесі өзекті мәселе, сондықтан білім алушыларды Қазақстанның Конституциясын, барлық Заң, бағдарлама, тұжырымдаманы негізге ала отырып тәрбиелеу жұмыстары жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аудару ұсынылады.

1. Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;
2. Дулат Бабатайұлының туғанына – 220 жыл;
3. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;
4. Мұхтар Әуезовтің туғанына – 125 жыл;
4. Ғабиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл;
5. Ғабит Мүсіреповтің туғанына – 120 жыл;
6. Мәншүк Мәметованың туғанына – 110 жыл;
7. Зейін Шашкиннің туғанына – 110 жыл;
8. Жұмағани Саинның туғанына – 110 жыл;
9. Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – 100 жыл;
10. Сырбай Мәуленовтің туғанына – 100 жыл;
11. Сафуан Шаймерденовтің туғанына – 100 жыл;
12. Зейнолла Қабдоловтың туғанына – 95 жыл;
13. Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл;
14. Төлен Әбдіковтің туғанына – 80 жыл;
15. Дүкенбай Досжановтың туғанына – 80 жыл;
16. Дулат Исабековтің туғанына – 80 жыл;
17. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, кәсіби бағдар беріп, әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, ықпал ету.
 - тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
 - Денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жұмысын жүйелеу. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
 - Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу.
 - Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, білім алу дағдыларын қалыптастыру. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
- Күтілетін нәтиже: Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын;
 - Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
 - Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметті;
 - Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
 - Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
 - Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
 - Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
 - Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

- Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.
- Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық қақарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық алыптастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным - тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу **Бағалау критерийлері** (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; Өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; Басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; Өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; Құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына; Заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; Әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру.

АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

2. Бағыты: рухани-танымдық, адамгершілік тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

Іске асыру механизмдері Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану»

адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік ролін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтанш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру. Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Отбасылық тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналардың арасында ағарту ісін жүргізу, олардың бала тәрбиесін дегі психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бағалау критерийлері: (қарым-қатынасы арқылы): этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

Іске асыру механизмдері: Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында ата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсын кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысу; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқу; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу.

Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпқорлармен кездесулер, тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және

педагогикалық отрядтары; «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынағалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің, оқу шеберханалары мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүзеге асырылады.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпараттың түрлі дереккөздеріне; қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына; өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа; Интернетқауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; ақпарат дереккөздерін таңдау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне;

Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, электив курстар, қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; сабақтан тыс қызметтер, балалар мен жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру, жаратылыстану ғылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кірігуі, элективті курстар: «Физика жүрек үнімен», «Математика рухани-адамгершілік заңдары туралы ғылым ретінде», «Тарихтың адамгершілік тағылымдары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» және т.б. жүргізу. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар.

Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және студенттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): толеранттылық және ғаламдық пікір; көпмәдениеттілік және көптілділікті; мәдениетаралық әрекет; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын; қарым-қатынас мәдениетін; эстетикалық мұраттарға, көркем өнер құндылықтарына;

шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасын кіріктіру, жастарда әралуан мәдениеттер мен халықтардың бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркем сурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б. кездесулер; Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Базалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылық; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашакорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты

негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдері, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарлар өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

2022 - 2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Аталған жобаның мақсаты: - білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту; - білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру; - экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Білім алушылардың дамуы үшін жобаны жүзеге асыруға барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Өзінің өнегелі үлгісі негізінде баланы тәрбиелеу – мақсатқа жеткізетін бірден-бір дұрыс тәрбие көзі болып табылады. Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады:

Тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 22 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 30 қазан - Алкогольмен күрес күні;
- 28.10.- Еңбек күні.
- 15.10-15.11. Құқықтық тәрбие айлығы.
- 16.11-20.11. Мәңгілік Ел. ҚР Ассамблеясына 21 жыл
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 03.11- 03.12. Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні. СПИД-АИТВ алдын алу.
- 18.11. Рухани келісім күні.
- 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күні;
- 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;

- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні;
- 26.12 - 30.12. – Жаңа жыл.
- 10.01-10.02. «Абайлаңдар, балалар!» айлығы
- 10.01.-20.01. Қылмыстың алдын алу күні.
- 18 қаңтар – Тұмаудың алдын алу күні;
- 10.02-10.03. «Өмірге Иә деп айт!» Республикалық ақпараттық науқан
- 15 ақпан – Салауатты өмір салты күні;
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 23.02.-24.03. Туберкулездің алдын алу айлығы.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 Наурыз – Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;
- 10 сәуір- Ескерткіштерді қорғау күні.
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір - Ғылымжәне Космонавтика күні;
- 10 сәуір мен 10 мамыр аралығы Патриоттық тәрбие айлығы. (Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күні.)
- 1 мамыр- халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргінқұрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер күні;

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Оқу жылының әрбір аптасында өткізілетін 34 сынып сағатының тақырыптары ұсынылады (сілтеме).

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
		Қыркүйек		
1	<p><i>Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.</i></p> <p><i>Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру</i></p>	1. Әр дүйсенбіде сабақты Гимнмен бастауды дәстүрге айналдыру 2. «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс-шара өткізу.	ДТЖО	Әр дүйсенбі 01.09.2022
		4. Өзін өзі басқару ұйымына оқушыларды қабылдау.	«Өзін-өзі» басқару ұйымы	22.09.2022
		Ата-аналар қоғамдастығымен өзара байланыс жасау: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті» : жиналыс өткізу, әңгімелесу	ДТЖО	28.09.2022
		5. Конституция – негізгі заң (баяндама, презентация)	ДТЖО	12.09.2022
		6. а) 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен сынып жетекшілерді таныстыру, ә). Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері б). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері Заңының орындалуы және қолдануы в) Жылдық тәрбие жұмысының жоспарын қарап бекіту. Ағымдағы мәселелер (сынып жетекшілер отырысы)	ДТЖО	8.09.2022ж.
2	<p><i>Рухани-танымдық тәрбие.</i></p> <p><i>Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім</i></p>	1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. ЖББ қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналарға бөлінген көмекті үлестіру. Кәсіпкерлерге хат жолдап, демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыру	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	01.09.-30.09
		1. Мектептегі арнаулы санаттағы оқушыларға көмек көрсету 2. Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар оқылық» оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі туралы түсінік беру. Кітапхана саяхат. Ахмет Байтұрсынұлы 10 жыл. «Ұлттың ұлы ұстазы» кітап көрмесі	ТДЖО, Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	15.08.-15.09.2022

	<i>беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру</i>			
3	Ұлттық тәрбие Мақсаты: <i>Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау</i>	Ұлттық мұражайларға, спорт кешендеріне, мәдени орындарға, кітапханаларға саяхат Тіл мерекесіне орай «Ұлт тарихындағы ұлы тұлға»	ТДЖО сынып жетекшілері тіл мамандары	19.09.2022
4	Отбасылық тәрбие. Мақсаты: <i>жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.</i>	1. Ата-аналардың жалпы жиналысы, ата-аналар комитетін сайлау	ТДЖО сынып жетекшілері	05.09.2022
		2.Қазақстан Республикасындағы Отбасы күніне орай « Отбасы-өмір аясы » атты сыныптар бойынша ата – аналарға тренингтер өткізу.	ТДЖО сынып жетекшілері	15.09.2022
		3. «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» аналар алқасы, дәрігер т.б маман иелерімен кездесу 7-9 сыныптар (баяндама.Бейнефильм)	Мектеп директоры, ТДЖО Қыздар ұйымының жетекшісі	23.09.2022
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: <i>кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялықмәдениетін дамыту.</i>	30 қыркүйек - Еңбек күні «Еңбекке тәрбиелеу - ата-ананың міндеті»	Еріктілер тобы	30/09/2022
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: <i>Жалпы мәдени мінез-құлдық дағдыларын қалыптастыру, жекетұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебатты</i>			

	құозғалысы" жалтыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарындаполиммәдени орта құру			
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру, интернет-кеңістігіндегі мінез құлық мәдениетін, киберқауіпсіздік, қарым-қатынас мәдениетін, этикалық нормаларды сақтауды, қоғамға қарсы мінез құлықты қабылдамау мәдениетіне үйрету	Мектеп оқушыларының бөгде сайттарға кірмеуін бақылау 1-ші және 5-ші сыныптардың бейімделуін тексеру	ТДЖО, психолог	12.09- 20.09.2022
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру	«Спорт - денсаулық кепілі» Денсаулық фестивалі-2022 ұйымдастырып өткізу Оқушылардың арасында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізу «Жол сақшылар» тобын құру Жолда жүру ережесін туралы 1-класс оқушыларына арнап үгіт шарасы жүргізу	ТДЖО, дене шынықт. Мұғалімдері, класс жетекшілер Мектеп психологы Тәлімгер	20.09.2022 ай бойы
Қазан				
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1.«Мәңгілік Ел – бұл Тарих, Мәдениет пен Тіл бірлігі, Азаматтық» Дөңгелек үстел 7-9 –сынып оқушыларымен ұйымдастыру. 2. «25-қазан Республика күні» мерекелеу	ДДЖО, Тарих пәні мұғалімдері Тәлімгер	22.10.2022

	<i>Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру</i>	3. «Заңгер», «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Занды біл де құрметте..» т.б тақырыптарда қабырға газеттерін шығарып отыру	«Өзін-өзі басқару» ұйымы 5-9 сыныптар	24.10.2022
2	Рухани-танымдық тәрбие <i>Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру</i>	«Қарттарым, аман – сауымысың!?» Әңгіме – сұхбат, акция ұйымдастыру. «Қарттарым асыл қазынам» қарттарға көмек көрсету «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «деби және ертегі кітаптарға кітап көрмесін жасау. 1-4 сынып	ТІЖО, ӘП, сынып жетекшілері, психолог Еріктілер тобы Класс жетекшісі	03.10.2022 25.10
3	Ұлттық тәрбие <i>Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау</i>	Қазақ ертегілеріндегі (1-4 сынып), аңыздарындағы (5-9), қазақ халқының ұлттық тәрбиесі көріністері. Мектеп театры «Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып» Мәншүк Маметованың туғанына 100 жыл.	ТІЖО, театр жетекшісі.	25.10.2022 10/10/2022 20/10/2022
4	Отбасылық тәрбие <i>Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және</i>	«Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді құқықтық әлеуметтендіру барысындағы отбасы мен құрдастарының ролі». Ата-аналар жиналысы	ТІЖО Әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі	11.10.2022

	интернет-кеңістігіндегі мінез құлық мәдениетін, киберқауіпсіздік, қарым-қатынас мәдениетін, этикалық нормаларды сақтауды, қоғамға қарсы мінез құлықты қабылдамау мәдениетіне үйрету			
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру	«Тоғызқұмалақтан» жарыс «Денсаулық – зор байлық» флешмоб ұйымдастыру	д/ш мұғалімі тәлімгер «Жасұлан ұйымы»	24-28.10.2022
Қараша				
